

формирование ориентиров, эталонов, критериев оценки художественных произведений, и в результате происходит формирование эстетического опыта и осознание категорий «красота», «прекрасное», «гармония» и т.п. Подытоживая вышесказанное, отметим, что наблюдение объектов и явлений окружающего мира и эстетическое восприятие произведений изобразительного искусства является эффективным средством возбуждения эмоционального состояния младших школьников, имеет свою специфику, которая отличает его от наблюдения 18 ISSN 2500 – 0039. Педагогика. Вопросы теории и практики. № 2 (6) 2017 и восприятия любых других явлений окружающего мира.

Исследование процессов наблюдения и эстетического восприятия связано с важными теоретическими и практическими проблемами, разработка которых необходима для познания сущности эстетического восприятия, его особенностей, закономерностей, поиска эффективных путей и средств управления этим процессом.

Литература:

1. Выготский Л.С. Психология искусства. М.: Искусство, 1968. 576 с.
2. Запорожец А.В. Педагогические и психологические проблемы всестороннего развития и подготовки к школе старших дошкольников // Дошкольное воспитание. 1972. № 4. С. 37 – 42.
3. Кузин В.С. Психология: учебник для худож. уч – щ / под ред. Б. Ф. Ломова. 2 – е изд., перераб. и доп. М.: Высш. Школа, 1982. 256 с.
4. Левитан И.И. Письма. Документы. Воспоминания. М.: Искусство, 1956. 336 с.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2002. 720 с.

ӘОЖ 7.072.2

ӘЛЕМДІ ТАҢ ҚАЛДЫРҒАН СУРЕТ ПЕН СУРЕТШІ НЕМЕСЕ «ГЕРНИКА» КАРТИНАСЫ ТУРАЛЫ

Ералин Қ.Е.

(п.ғ.д., А.Ясауи атындағы ХҚТУ Дизайн және бейнелеу
өнері кафедрасының профессоры, Түркістан қ., e-mail: kuandikbei@mail.ru.ru)

Ералина А.Қ.

(п.ғ.к., АӘУ Педагогика кафедрасының доценті, Шымкент қ.,
E-mail aika.erali@mail.ru)

Ералина Ғ.Қ.

(п.ғ.к., ҚИПХДУ Психология және педагогика кафедрасы,
аға оқытушысы Шымкент қ.)

Сабырова Ә.Қ.

(А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты Түркістан қ.)

Аңдатпа

Бұл мақалада даңқты суретші П. Пикассоның «Герника» атты картинасы туралы мәліметтер берілген. «Герника» картинасының көркемдік ерекшеліктері, картина идеясы, композициясы, колориті, орындау шеберлігі тұрғысындағы өнертанымдық талдаулармен анықталған. Сонымен қатар ұлы суретшінің «Герника» картинасының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі мәні ашылған. Картинаны оқу – тәрбие жұмыстарында қолдануға ұсыныстар берілген.

Кілт сөздері: «Герника» картинасы, суретші П. Пикассо, картина идеясы, композиция, колорит, орындау шеберлігі, отансүйгіштік, тәрбие, тәрбие құралы, тәрбиеде қолдану.

Аннотация

В данной статье рассматривается картина «Герника» великого художника П. Пикассо. Выявлены и разобраны с точки зрения искусствоведения художественные особенности, идея, композиция, колорит картины, а также мастерство исполнения картины художником. Также раскрывается суть «Герники» в воспитании в молодежи любви к родине. Предлагаются вариации использования картины в учебно – воспитательных целях.

Ключевые слова: картина «Герника», художник П. Пикассо, идея картины, композиция, колорит, мастерство исполнения, любовь к родине, воспитание, пособие для воспитательных целей, использование в воспитательных целях.

Annotation

This article discusses the painting «Guernica» of the great artist Pablo Picasso. Identified and analyzed from the point of view of art history artistic features, idea, composition, painting, and craftsmanship of the painting by the artist. Also comes the point of «Guernica» in the education of youth love of country. Offered variations of the use of pictures in educational purposes.

Key words: painting «Guernica», the artist Pablo Picasso, the idea of painting, composition, color, craftsmanship, love of country, education, Handbook for educational purposes, use for educational purposes.

Кіріспе

Әлемге танымал Испания елінің даңқты суретшісі Павло Пикассо өзінің «Герника» картинасы арқылы атағы шығып, дүние жүзіне кеңінен мәлім болған. «Герника» шығармасының атын П. Пикассо өзінің туған қаласының құрметіне қойған.

Зерттеу әдістері

Картинадағы бейнеленген бей – берекет сызықтар, олардың хоастикалық бағыттардағы қозғалыстар композициясын көрген адамдардың еріксіз түрде «Бұл картинадағы эстетика қайда?» – деген сұрақты ой туғызады. Бірақ бұл көріністер қарапайым көрерменге түсініксіздеу, қабылдауға қиындау болып көрінгенмен, көркемдік мазмұнының тереңдігімен дүние жүзіне белгілі болып, оны жазған суретшінің даңқы екінші дүние жүзілік соғыстан бұрын – ақ, әлемге танымал болған [1, 15 – 18 б.].

Испанияның ұлы суретшісінің қазіргі кезде төрткүл дүниені таң қалдырған, өзінің туған қаласы туралы салған бұл аталған кең көлемді кескіндемелік туындысын, кезінде замандастары мен суретшілер қауымы дұрыс қабылдай алмаған. Бұл жағдай картинаның көркемдік ерекшелігінің әдеттегі дәстүрлі бейнелеуден тыс болуымен байланысты, оның мәнінің тереңдігін сол кездегі көпшілік қауым жеткілікті түсіне бермеген. Кәсіби суретшілер “Пикассо деген суретші өнерде қалыптасқан көркемдік дәстүрді бұзды” – деп картина мәнін дұрыс түсіне бермеген. Ол кездегі өнердің дамуында өмір шындығының әсемдік көрінісін көрсетуге басымдық беріліп, көркемдік шындық шынайлық тұрғысынан бейнеленетін заманда, бұл суретшінің соғыс зардабын кең көлемде өзіндік жаңа әдіспен беру әрекеті өнер дәстүріне деген жаңашалдық сипаты бар жағдай болатын. Мұндай қарсылықтың қалыптасуына әсер еткен жағдайдың тағы бірі, кескіндемелік картинаның идеялық мазмұнымен соғыс зардаптарын бейнелеумен байланысты болды [2, 25 – 28 б.].

Екінші дүние жүзілік соғыстың алдында төрт жыл бұрын Германия фашистері Испанияның Герника деген шағын қаласына бомба тастап тас – талқан етіп қиратқан. Картина мазмұнын құрайтын көріністерде, осы қаланың қирауы, фашизмнің зұлымдық іс – әрекетінің көріністері – құлаған үйлердің үйіндісі, аққан қан, сынған ағаш, ұшқан жаңқалар, бөлініп қалған – адамның қол мен аяғы, жарылған бас, сынған қабырға мен жіліншік сүйектері, жарықшақ ұшқындары, шашылған дүние мүліктердің қалдықтары. Бұл көріністер шығарма композициясының бейнелеу заңдылығының ережесіне сай

келмейтін, шынайы көріністеріне бағынбайтын берекетсіздік сипатына сай құрамдалуының өзі соғыс пен фашизмнің қанды қол әрекетінің ақырғы сәтін көрсетеді. Кескіндеме туындысында көңілді жарқыратар бояу түстері аз, бірінғай бұлтты күндер мен қоңыр күзді елестететін түстерге басымдық берілген. Кескіндеме шығармасының көркемдік бейнелері түрлі – түсті бояу арқылы берілуі тиіс болғанымен, шебердің осы шартты әдейілеп бұзуы, фашизмнің адамзат өміріне жасаған қастандығын эпопеялық стильде суреттеуімен астарластыра, әшкерелеуге баса көңіл бөлген. Картина композициясындағы шым – шытырық, бей – берекет көріністердің ішін мұқият қарағанда гитлердің бет бейнесі, оны айғақтайтын мұрын астындағы мұрты анық байқалады. Адамзаттың қас жауы болған, қанішер Гитлердің көрінісін суреткердің бұлайша топтамалауы, оның соғысқа деген қарсылығын білдіріп, фашистердің әрекетін төрткүл дүние алдында әшкерелейді [3, 34 – 38 б].

Зерттеу нәтижелері

Әлемге танымал суретшінің жоғары идеялы көлемді композициясын дәстүрлі бейнелеу өлшемдерінен шығып, сол кездің көрермендерінің қабылдауына қиындық туғызатын көріністерге баруы, ойлануға мәжбірлеуін өз замандастары кезінде түсіне бермеген, оны, шынайы бейнелеу әдістерін жоғары дәрежеде меңгеріп, озық үлгі көрсеткенімен шынайы көріністерді шыншылықдықпен бейнелеу әдістерінен алшақтап, бей – берекетсіздік, жөнсіздік сипаттарындағы топтамалауға баруы, бұл образ сомдауды сол кездегі көпшілік түгелі, замандастар арасында түсініспеушілік туғызды. Ал, бұл болса сол кездегі бейнелеу өнеріндегі қалыптасқан дәстүрді бұзушылық ретінде танылған, сонымен қатар композициялық сюжетті танытатын – жаңашылдық ретінде көпшілік арасында оң көзбен қабылданбаған.



Сурет 1 Пикассо П. «Герника» картинасы (1937 ж.)

Шын мәнінде, бұл сипаттағы сюжетті құрамдау, ұлы суреткердің дүние жүзін қамтыған, барлық халықтарға өлшеусіз ажал әкелген, фашизмнің жексұрындық әрекетін көркемдік топтамалау әдісімен жоғары деңгейде бере білген. Сөйтіп П. Пикассоның «Герника» картинасы жер жүзінің талай елімен жерін қамтыған, миллиондаған адамар өмірін жалмаған, сұм соғыстың нәтижесін көркемдік тілмен бір ғана картина ауқымына сыйғыза көрсеткен шығарма.

Суреттің мәні тақырыбымен, сонылық көркемдік шешімімен көрермендерді таң қалдырса, екінші жағынан алғанда фашистік басқыншылардың іс – әрекетін дүние

жүзіне жайып, әшкерелеуі, гестапаның назарына жарық көрген бойда ілініп, олардың қудалауына ұшыраған. Пикассоның шығармашылығы үнемі бақылауда болған. Бір күні суретшінің шеберханасына неміс офицеры келсе, «Герника» картинасының репродукциясы стол үстінде жатқан екен. Даңқы шыққан суреттің стол үстінде жатқан түрлі – түсті етіп, қағаз бетіне басылған суретін көріп гестапа өкілі: – мұны жасаған кім? – деп, П.Пикассодан сұрапты. Сонда суретші – «Мұны жасаған сіздер, егер қажет болса алыңыз менің сізге деген сыйым болсын», – деген екен. Мұны естіген неміс офицеры ұялғаннан үн – түнсіз дереу, шеберханадан шығып кетіпті. «Мұны жасаған сіздер» – дегені, «соғысты жасағын сіздер, бұл көңіл аздыратын көріністер сіздердің соғысқұмарлық әрекеттеріңіздің жемісі» – дегенді аңғартқан.

Қорытынды

Қорыта айтқанда ұлы суретшінің «Герника» атты картинасы адамзаттың соғысқа қарсылығын көркемдік бейнелеу тілімен көрсете білген, фашизмнің әрекетін айыптаған, соғысқа қарсылық пен бейбітшілікті қолдау идеясын әлемдік масштабқа алып шығып, тудай қылып көтерген, туынды болды. Ал суретші болса, сол кездегі көркемдік ортада бейнелеу дәстүрі мен тарихына жаңашылдық бағыт – бағдар әкелген шығарма ретінде өнер тарихынан орын алды.

Испанияның Ұлы суретшісі П.Пикассоның «Герника» атты картинасы – сұлулықты көрсетуден бұрын мазмұнға, бояу түстеріне қарағанда пішінге басымдық берілген шығарма. Бұл көркем еңбек жастар мен оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру үдерісінде қолдануға болатын, ұтымды таным мен тәрбие құралы ретінде қабылданады.

Әдебиет:

1. Ералин Қ.Е. Бейнелеу өнерінің шығармаларын интерпритациялау ұстанымдары мен талдау // Научные исследования в современном мире. Украина. 26 – 27 октября. – 2015
2. Ералин Қ.Е. Кескіндеме шығармаларын бағалауға болашақ мұғалімдерді даярлаудың негізгі бағыттары. // Астана – 2015
3. Громов Е.С. Природа художественного творчество.М.:Просвещение, 1986. – 239 с.

ӘОЖ 796.83

БОКСШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУДЕ АЙНАЛМАЛЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Кангужина К.М.

(б.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қайыргелдин С.Қ.

(жаттықтырушы)

Аңдатпа

Бұл ғылыми жұмыста бокспен айналысатын жасөспірім спортшылардың дайындығын жетілдіру мақсатымен дәстүрлі әдістерге қосымша айналмалы жаттығулар кешенін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Айналмалы жаттығулар боксшыларды даярлау барысында қолданылатын тиімді әдістердің бірі болып есептеледі. Бұл жаттығуларды спортшылардың жаттығу үрдісіне енгізу нәтижесінде боксшылардың физикалық дайындығының деңгейі жоғарылаған.